



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 14 сәуірдегі № DC-70 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Отандық фермерлердің ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға қатысты депутаттық сауалдарыныңды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі уақытта қаржы институттары мен банктер ұсынатын ауыл шаруашылығы техникасының кредиті мен лизингі бойынша мөлшерлемелер фермерлер үшін өте жоғары және жылдық 24%-ке дейін жетеді.

Өз кезегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның кредиттік және лизингтік компанияларының қаржы өнімдерінің мөлшерлемесі нарықта қаражат тарту мөлшерлемелерінің жоғары болуына байланысты.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін кредиттер мен лизинг бойынша сыйақының түпкілікті мөлшерлемелерін төмендету мақсатында Үкімет ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға арналған кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыруда. Субсидиялау есебінен фермерлер үшін мөлшерлеме жылдық 6%-ке дейін төмендетілетін болады.

Осы бағдарлама бойынша ағымдағы жылға облыстардың бюджеттерінде 81 млрд теңге көзделіп отыр.

Кредитке және лизингке техниканы сатып алу кезінде кредиттік жүктемені төмендету мақсатында инвестициялық субсидиялау бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама жұмсалған шығындарды 25%-ке дейін өтеуді көздейді. Бұл субсидиялар қарыз бойынша негізгі борышты өтеуге бағытталуы мүмкін.

Бұл ретте инвестициялық субсидиялау шарттарында субсидияны қарыз бойынша бастапқы жарна сияқты қабылдайтын лизингтік компанияның шотына субсидияларды аванспен аудару мүмкіндігі көзделген. Осылайша фермерлерде лизинг бойынша бастапқы жарнаға төленетін қаражаттың болмауы мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы Үкімет ауыл шаруашылығы техникасының женілдікті лизингі бойынша бірқатар бағдарламаларды іске асыруда.

Өткен жылдың тамыз айынан бастап «Жасыл даму» АҚ қаражаты есебінен 40 млрд теңгеге (*бастапқы жарнасыз, жылдық 6%*) отандық ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингі бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама

872 шаруаға егін жинау жұмыстарын бастауға 1072 бірлік техника, оның ішінде: 190 комбайн және 882 трактор сатып алуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылы «ҚазАгроКаржы» АҚ желісі бойынша кейіннен лизингке беру үшін 20 млрд теңгеге жем-шөп дайындау техникасы мен мобиЛЬДІ суару жүйелері сатып алынатын болады (*2024 және 2025 жылдары - 29 млрд теңгеден*).

Үкімет қабылдалап жатқан шаралар фермерлердің ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту динамикасына оң әсер етуде.

Мәселен, егер 2017 жылы жаңарту деңгейі 1,9% құраса, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 4,4% құрады. Жаңартуды ең тәменгі технологиялық деңгей – 6-8%-ке дейін жеткізу көзделген.

Жалпы аталған шараларды іске асыру ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингі бағдарламаларын одан әрі дамытуға және АӨК машина-трактор паркін жаңартудың нормативтік деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Ә. Смайилов**

*Д. Тілеуов*  
74-55-01